



Іс-шараның ережелері мен шарттары

Төменде қол қоюшы («Команда өкілі») төмендегіге қол қою арқылы, өзінің командасы («Қатысушы команда») және әрбір қатысушы ойыншысының («Қатысушы ойыншы») атынан 2022 жылдың Хоккей бойынша CARHA әлемдік кубогіне («Іс-шара») тіркелудің шарттарын түсінеді және олармен келіседі:

1. Қатысушы топты тіркеу үшін \$ 350.00 канадалық доллар мөлшерінде қайтарылмайтын депозит төлеуі қажет.
2. Британдық Колумбияның Ричмонд қаласының 150 шақырымдық радиусынан тыс, барлық қатысушы командалар «Іссапардағы команда» деп саналады және CARHA Хоккейі ұйымдастырған ресми іс-шараның қонақүй пакетін («Іс-шараның қонақүй пакеті») алуы қажет. Бұл ережеге қатысты ешқандай ерекшеліктер жоқ.
3. Іссапардағы командалар іс-шараға тіркелу іссапардағы команданы жеті түндік іс-шараның қонақүй пакетіне міндеттейтінін түсінеді және келіседі. CARHA Хоккейі әрбір іссапардағы команданың орналасуды растауын қамтамасыз етуі керек. CARHA Хоккейі іс-шараның қонақүй пакетінде белгілеген қонақүйлердің бірінде тұрмайтын кез-келген іссапардағы команда немесе аталған іссапардағы команданың ойыншысы турнирден шығарылады және қандай да бір өтеу құқығына ие болмайды.
4. Барлық іссапардағы командалар әр қатысушы ойыншы мен қонаққа **2021 жылдың 8 Наурыз** дейін \$ 100,00 канадалық доллар мөлшеріндегі депозитті (қайтарылмайды) жіберулері тиіс. Команда өкілі бұл мерзімді растайды және ұзартуға рұқсат етілмейтінін түсінеді. Он сегіз (18) жасқа толмаған балалар ата-анасымен (ата-аналарымен) бір бөлмеде тұрған жағдайда іс-шараның қонақүй пакетін алу талап етілмейтінін ескеріңіз.
5. Орналасу мен орналастырудың сіз үшін оңтайлы таңдауды жіберуден бұрын, www.thecup2022.ca сайтындағы әрбір мүмкін болатын нөмірлер жинағына қатысты негізгі ақпаратты қарап шығыңыз. Барлық іссапардағы командалар **2021 жылдың 31 мамырына** дейін CARHA Хоккейіне өздерінің таңдаған нөмірлерін беруі тиіс. CARHA Хоккейі әрбір іссапардағы командаға өздерінің қалаған таңдауын тағайындау үшін бар күшін салады, бірақ бірінші таңдау қолжетімді болатынына кепілдік бере алмайды. Командаларды тіркеу, депозиттерді төлеу, қажет бөлмелер саны және басқа да бірқатар факторлар қай қонақүйдің таңдалатынын анықтауға әсер етеді. CARHA Хоккейі сіздің қай қонақүйде тұратыныңызды іс-шараға жақынырақ бекітеді.
6. Іссапардағы команданың барлық қатысушы ойыншылары бір қонақүйде тұрулары тиіс. Бұл ойын автобустарының бірсарынды жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін логикалық тұрғыдан маңызды болып табылады. Іссапардағы команданың қатысушы ойыншылары олардың әр ойынына алып баратын және алып қайтатын автобуспен тасымалдаумен қамтамасыз етіледі. Автобус кестелері барлық ресми іс-шараның қонақүйлерінің лоббиінде ілінеді. Командалар



бөлмелерінің бастапқы тізімі **2021 жылдың 15 мамырына дейін**, бөлмелердің қорытынды тізімі **2021 жылдың 29 Қазан дейін** тапсырылуы тиіс.

7. Қатысушы ойыншылар, команданың қызметкерлері және кез-келген қонақтар күн сайынғы тамақтануына өздері жауапты. Сонымен қатар, іс-шараның автобустарынан басқа әр турнир ойынына алып баратын және алып қайтатын тасымалдау қатысушы ойыншының жауапкершілігі болып табылады. Іс-шараның автобустары тек қана сіздің командаңыздың әрбір туриріне және Athletes Village-ке алып баруға және алып қайтуға қолдануға арналған.
8. Бөлме қызметі, телефон ақысын қоса алғандағы қонақұйдің қосымша шығындары және басқа да бірқатар шығындар қатысушы ойыншының немесе олардың қонақтарының жауапкершілігінде. Нақтырақ айтқанда, іс-шараның қонақүй пакеті қонақұйдің қандай да бір қосымша алымдарын қамтымайды.
9. **2021 жылғы 29 қазан, жұма күні сағат 15:00-де EST** CARHA хоккейі жүйені уақытша бұғаттайды және бөлме тізіміне және/немесе бөлме талаптарына қатысты өзгерістер енгізілмейді. Кез-келген өзгертулердің осы күнге дейін сұралуына көз жеткізуіңізді сұраймыз. Осы күннен кейінгі кез-келген өзгертулерге, қосымша алымдардың төлемі немесе алымын қоса алғанда (ерекшеліктер жоқ), команда өкілі немесе қатысушы ойыншы жауап береді.
10. Төменде қол қоюшы **2021 жылдың 30 қыркүйегінен** кейін бөлмені броньдауды өзгерту, алып тастау немесе ерте қайту жағдайларында қандайда бір өтеулердің болмайтынын растайды.
11. Барлық іс-шараның қонақүй пакеті және қатысушы командаларды тіркеу ақылары **2021 жылдың 30 қыркүйегіне** дейін толығымен төленуі қажет. Өзіңіздің іс-шараның қонақүй пакеті депозиттеріңізді мүмкіндігінше тезірек 2020 жылдың Хоккей бойынша CARHA әлемдік кубогінің www.thecup2022.ca веб-сайтындағы өзіңіздің онлайн профиліңіз арқылы жіберіңіз немесе carhahockeyworldcup@carhahockey.ca электрондық поштасы арқылы бізге хабарласыңыз.
12. Барлық қатысушы командалардың қорытынды тізімдері **2021 жылғы 29 қазан** дейін CARHA Хоккейіне тапсырылуы тиіс.
13. Талап бойынша қатысушы ойыншылар Турнирді ұйымдастыру комитетіне жеке басын және жасын растау үшін фотосуреттер тапсыруы тиіс. Мұны орындамау қатысушы ойыншының және/немесе қатысушы команданың іс-шараға қатысуының тоқтатылуына әкелуі мүмкін.
14. Қатысушы команданың немесе команда өкілінің кез-келген ақпарат түрін бұрмалауына жол берілмейді. Ойыншының жасы, ойнау тәжірибесі және бұрынғы ойын нәтижелеріне қатысты дұрыс емес мәліметтер беретін кез-келген қатысушы ойыншы және/немесе команда өкілі



қатысушы команданың немесе қатысушы ойыншының ойынды тоқтатуына немесе іс-шара ойындарының жойылуына алып келуі мүмкін.

15. Іс-шараға саяхаттап келуші командалар координациялауға, броньдауға және Британдық Колумбия, Ричмондтың қабылдаушы қаласына дейін және кері жол ақыларын төлеуге жауапты.
16. Ванкувер халықаралық әуежайына келген іссапардағы командаларды алып кетуге турнир автобустары беріледі. Әуе компаниясы, келу және кету уақытын қоса алғандағы сапарға қатысты мәліметтер **2021 жылдың 15 қаңтарына** дейін CARHA Хоккейіне жіберілуі тиіс.
17. Барлық қатысушы ойыншылар апта бойы мұздың үстіне де, сыртында да өзін кәсіби және сыпайы түрде көрсетуі тиіс. Төменде қол қоюшылар Турнирді ұйымдастырушы комитет орынсыз деп санайтын кез-келген іс-шаралар қатысушы ойыншының немесе қатысушы команданың одан әрі іс-шараның ойындарын тоқтатуына, қонақүйінен шығарылуына және келешекте CARHA Хоккейі белгілеген басқа іс-шаралардан шығарылуына әкелуі мүмкін екенін растайды. Осы құжатта сипатталған жағдайларға байланысты ешқандай қайтару болмайтыны түсінікті.
18. Кез-келген ойында төбелесуге жол берілмейді және автоматты түрде бір ойынның тоқтатылуына әкеледі. Турнирдің тәртіптік комитеті ойын ішіндегі кез-келген оқиғаны әрі қарай қарастыруға және тоқтата тұру ұзақтығын созуға немесе қатысушы ойыншыны іс-шарадан шығаруға құқылы.
19. Төреліктің нәтижелерін қоса алғанда, мұз үстінде және мұздан тыс жерде басқаруға байланысты апелляциялар Турнирдің тәртіптік комитетіне апелляция себебі орын алғаннан кейін жиырма төрт (24) сағат ішінде берілуі тиіс. \$ 50.00 канадалық доллар көлеміндегі әкімшілік төлем Турнирдің тәртіптік комитеті қандай да бір апелляцияны қарастырғанға дейін төленуі қажет.
20. Төрешілерге, іс-шараның қызметкерлеріне, іс-шараның еріктілеріне, алаң басшылығына және CARHA Хоккейі қызметкерлеріне нақты немесе болжалды қиянат етушілікке жол берілмейді. Қатысушы ойыншы немесе команданың лауазымды тұлғасы, қатысушысы, отбасы мүшесі, жұбайы, қонағы немесе команданың бөлімшесі кәсіби емес әрекет еткен жағдай орын алса, нақты тұлға және/немесе бүкіл команда іс-шарадан шығарылуы немесе одан әрі тәртіпке тартылуы мүмкін.
21. Қатысушы ойыншылар және команданың лауазымды тұлғалары өз іс-әрекеттеріне ерекше жауапты. Өз қонақүйлері немесе қонақүй бөлмелеріне, автобустарға, алаңдарға және киіну бөлмелеріне, әлеуметтік орындарға немесе Британдық Колумбиядағы Ричмонд қаласының



кез-келген қоғамдық және жеке меншік нысандарына келтірілген залал үшін тұлғаға (тұлғаларға) жауапкершілік жүктеледі. Аталған залал келтіруге қатысты кез-келген ақыларды немесе төлемдерді тікелей жеке тұлға немесе команда төлеуі тиіс. Төменде қол қоюшы CARHA Hockey аталған залалдар үшін жауапты емес екенін және нақты тұлға, қатысушы ойыншы немесе қатысушы команда мәселелерді жергілікті полиция мекемесімен (Патшалық канадалық атты полиция) шешуге тура келуі мүмкін екенімен келіседі.

22. Алкогольді және / немесе есірткі заттарының әсеріне ұшырағандай болып көрінген қатысушы ойыншылар немесе команданың лауазымды тұлғаларына өзінің және басқалардың қауіпсіздігі үшін кез-келген іс-шара ойындарында ойнауға немесе іс-шараға қатысты шараларға қатысуға рұқсат етілмейді және іс-шара нысандарын беруден бас тартылуы мүмкін.
23. Турнирдің ұйымдастырушы және тәртіптік комитеттерінің ойындарға және іс-шараға қатысты барлық мәселелер бойынша жеке дара және абсолютті көзқарастары негізінде қорытынды мәлімдемесі болады.
24. Төменде қол қоюшылар өздерінің https://www.thecup2022.ca/cms_wc/rules бойынша табуға болатын турнирлік ойынның ресми ережелерімен танысып, келісетінін растайды.
25. Команда тізіміне, қонақүйлер тізіміне қандай да бір өзгертулер немесе кез-келген арнайы өтініштер тек carhahockeyworldcup@carhahockey.ca электрондық поштасына жазу арқылы қабылданатынын ескеруіңізді өтінеміз.
26. Төменде қол қоюшы іс-шараға тіркелу арқылы Хоккей бойынша CARHA әлемдік кубогіне қатысушы командалардың іс-шараны және CARHA Хоккейін, оның бас компанияларын, еншілес компанияларын, бөлімшелерін, лауазымды тұлғаларын, директорларын, қызметкерлерін, агенттерін және өкілдерін барлық және кез-келген жеке зақымнан, материалдық залалдан, шығыннан, міндеткерлік немесе міндеткерлікті талап етуден, айыппұл шығындарынан немесе біздің, біздің агенттеріміз, қызметкерлеріміз немесе өкілдеріміз, сондай-ақ, іс-шараның еріктілері тарапынан заңсыз немесе селқос әрекеттерден, қателік немесе жіберіп алулардан туындаған негізделген заңды төлемдерден босатуға және қауіпсіздендіруге келісетінін растайды.

Аты (Баспа әріптерімен)

Қолы

Күні

Қатысушы команда